

Торайғыров университеті
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университет

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 3 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

Бас редакторы – главный редактор

Бегентаев М. М.

д.э.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Абибуллаева А.,

д.п.н., профессор

Бурдина Е. И.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/FIBW9044>**Е. Р. Сағынбекова, Т. Б. Турганбаева**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҮШТІЛДІЛІКТІ МЕҢГЕРТУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне шығуы – білім беру саласында, соның ішінде бастауыш мектепке заман талабына сай өзгерістер енгізіліп отыр. Қазіргі уақытта еліміздің негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі білім беру жүйесін қайта құру және дамыту болып табылады. Бастауыш мектеп үздіксіз білім берудің алғашқы оқушылардың негізі қаланатын маңызды кезең. Сондықтан да бастауыш мектептің негізгі мақсаты баланың жеке ерекшеліктерін, қабілетін, дарыны мен талантын ашуға және жан-жақты дамытуға бағытталған.

Мақалада қазіргі таңда өзекті болып отырған үштілдік тіл идеясы бойынша мәселе қарастырылмақ. Сондай-ақ, аталмыш мақала ана тілді құрметтеу, мемлекеттік тілді байыту және ағылшын тілін меңгерту мақсатында жазылып отыр. Үштілділікті меңгертудегі үштілділік бағдарламасы бойынша ағылшын тілін оқытуда баланың алған дағдылары мен әдістерін дамытып, нығайту үшін жағдай жасап, ұйымдастыру, міндетті түрде білім салаларымен жан-жақты байланыстылығы жайында сөз қозғалмақ. Шет тіліне оқыту жұмысын ойдағыдай жүргізу үшін балалардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін, әрқайсысының зейін, қабылдау, еске сақтау, ойлау, қиялдау ерекшеліктерін, сезім, ерік, пен жеке дарындылық қасиеттерін жақсы біліп алу керек. Үштілділік идеясының бастауыш сынып оқушыларын тұлға ретінде қалыптастырудағы орны, тілді меңгерту ерекшелігі жайында баяндалады.

Кілтті сөздер: жеке тұлға, үштілділік, тіл, білім беру, оқу іс-әрекеті.

Кіріспе

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» – мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсынды. «Қазақстан халқы бүкіл әлемге үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс», – екенін ерекше атағаны бізге мәлім.

Үштұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін айқындайды және жалпыға ортақ қалыпты норма болып саналады. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Қазақстанның білікті, білімді әр азаматын ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағынына ілесу ағылшын тілін үйренуге жетелейді [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек [2].

Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығармауға тиіспіз.

Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» дей келе, Мен 2050 жылғы қазақстандықтар – үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдардың қоғамы екеніне толық сенімдімін, деп тұжырым жасады.

Зерттеудің нысаны: үштілділік негізінде бастауыш сынып оқушыларын жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыру

Зерттеудің пәні: үштілді білім беру үдерісінде бастауыш сынып оқушыларын үштілді тұлға ретінде қалыптастыру.

Мақсаты: үштілді білім беру үдерісінде бастауыш сынып оқушыларын тұлға ретінде қалыптастырудың психологиялық педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау және тәжірибе жүзінде тексеру.

Міндеттері:

– зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерге талдау жасап, «үш тілді білім беру», «үш тілді тұлға» ұғымдарына теориялық анықтама беру;

– үштілділік негізінде бастауыш сынып оқушыларын тұлға ретінде қалыптастырудың психологиялық педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау;

– үштілділік негізінде бастауыш сынып оқушыларын тұлға ретінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін анықтау;

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Қазақстанды болашақта бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономиканы ойдағыдай түсіну тілі. Дәлірек айтқанда, үштұғырлы тіл идеясын мынадай әрі қарапайым, әрі түсінікті формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. Үштұғырлы тіл идеясын дамыту үшін мемлекет тарапынан еліміздің әр азаматына көптеген жағдайлар жасалынған [3].

Атап айтар болсақ, қазіргі таңда үштұғырлы тіл идеясын дамыту барысында үштілділікті меңгерту мектепке дейінгі ұйымдардан бастау алуға болады. Соңғы жылдары барлық балабақшаларда ағылшын тілі енгізіліп балаларға оқу тәрбие процесі үштілділікті меңгерту бағытында жүргізілуде. Үштілділікті меңгерту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының қатынас білім беру саласы бойынша жүзеге асырылатын болса, осы қатынас білім беру саласының мақсаты ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген, мемлекеттік және басқа да тілдерде мәдени-әлеуметтік өзара қатынасқа дайын, айналасымен ауызша және ауызша емес құралдармен жұмыс істеуге қабілетті көптілді тұлғаны тәрбиелеу болып табылады [4].

Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыруда үштілділікті меңгертумен қатар, бастауыш сыныпта балалар білім мен дағдыға ие болып қана қоймай, олар өз беттерінше ақпараттарды таба білуі, талдай білуі, құрастыра және тиімді қолдана білулері қажет.

Қазіргі қоғам процесіне нарықтық экономиканың енуі жан-жақты дамыған еңбекқор, шығармашыл, жоғары білімді және интеллектуалды, құзыретті тұлғаны қалыптастыру нәтижесінде білім мақсатының бағытын ауыстырады. Мектепке дейінгі білім үздіксіз білім жүйесінің бастапқы баспалдағы бола отырып, қазіргі таңда жан-жақты даму үстінде. Бүгінде оқыту технологиялары жаңартылды [5].

Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыруда үштілділікті меңгертудің тиімділігін, және уақыт талабына сай заманауи ақпараттық технологияны пайдалану арқылы меңгерту мақсатында облыс көлемінде жалпы білім беретін орта мектеп басшыларымен педагогтарының, кәсіби біліктіліктерін көтеру мақсатында кездесулер, дөңгелек үстелдер, курстар, практикалық семинарлар үнемі ұйымдастырылып, олар тәжірибелерін ортаға салып пікір алысуда.


Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыруда үштілділікті меңгертудегі үштілділік бағдарламасы бойынша ағылшын тілін

оқытуда баланың алған дағдылары мен әдістерін дамытып, нығайту үшін жағдай жасап, ұйымдастыру, міндетті түрде білім салаларымен жан-жақты байланыста болады.



Сурет 1 – Бастауыш сынып оқушыларының тұлға ретінде қалыптастыруда үштілділікті меңгертудің тиімділігі

Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыруда үштілділікті меңгерту барысында төмендегі жоспар бойынша жұмыстар жүргізу абзал. Ең алдымен біз педагог маман ретінде баланың толыққанды, еркін білім алуына жағдай туғызуымыз қажет.



Сурет 2 – Бастауыш сынып оқушыларын тұлға ретінде қалыптастыруда үштілділікті меңгертудегі пәндік дамыту ортасын құру



Сурет 3 – Бастауыш сынып оқушыларын жеке тұлғасын қалыптастыруда үштілділікті меңгерудің тиімді жолдары

Үштілділік бағытындағы оқытудың негізгі мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай, жалпы интеллектуалдылығы, сөйлеу деңгейін, оларға білімді меңгеруге бағдарламалық жағынан қамтамасыз ету, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне оқытуға дағдыландыру бағытында келесі әдіс-тәсілдер қолданылады.

Білім аясы өткізу мазмұнына қарай әр түрлі болуы мүмкін: Арнайы оқу іс әрекет – бұл ертегі немесе видео үзінділерін көру. Балалар өз жетістіктерін – ертегілерді сахналау, өлең айту өнерлерін көрсете алатын ертеңгіліктер мен мерекелер.

Әңгімелесу оқу іс әрекеті.

Табиғатта шетел тілінде оқу іс әрекеті.

Үштілділікке балаларды оқыту әдіске негізделеді, қосалқы көрнекі құралдар, танымдық процестерді жеңілдететін аудио-видео құралдары пайдаланылады.



Сурет 4 – Бастауыш сынып оқушыларының тұлға ретінде қалыптастыруда үштілділікті меңгертудегі әдістер

Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыруда үштілділікті меңгертуде отбасымен ынтымақтастық жұмысының ролі ерекше.



Сурет 5 – Отбасымен ынтымақтастықта жүргізілетін жұмыстар

Ата-анамен, мұғалімдермен біріге жұмыс жасап, баланы үш тілділікке меңгеруді мен өз мақаламыз арқылы жеткізгіміз келеді. Бастауыш сынып оқушылары шет тілін оқытуға өте қолайлы кезең, себебі балаларда өзінің сөйлеу тәжірибесін, тіл құпияларын байқау қызығушылығы пайда болады [6].

Бастауыш сынып оқушыларына дидактикалық ойындар арқылы, қазақ, орыс және шетел тілдерін үйренуге деген қызығушылығын арттыру. Баланың тіл байлығын дамыту, үштілде әдемі сөйлеуге үйрету. Қазақ,

орыс және ағылшынтілдерінің әртүрлі иірімдерінен мағлұмат беру, жалпыинтеллектуалдылығын, сөйлеу деңгейін, оларға білімді меңгеруге бағдарламалық жағынан қамтамасыз ету, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне оқытуға дағдыландыру.

Білім беру үрдісін жаңаша ұйымдастыру оның психологиялық-педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарау қажеті осындай қиыншылықтарды жеңе отырып, баланың жан-жақты, терең сапалы білім алуына бар мүмкіншілігімізді сала отырып баланың үштілділікті меңгерудегі нәтижесі.



Сурет 6 – Үштілділікті меңгерген бала. Күтілетін нәтиже

Мемлекеттік, ана тілі және шетелдің бір тіліне оқуға қабілетті азаматтарды даярлау мемлекеттің білім берусаясатының маңызды міндеті болып табылады. Мемлекеттік тілдің білім алу және қарым-қатынас жасау тілі болуына бастауыш сыныптан үйретудің маңызы зор. Орыс және ағылшын тілдерін оқыту бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлға ретінде тілді дұрыс сөйлеуін қалыптастырудың, шетел сөзін есте сақтау арқылы түсінудің, диалогты өңгімелесе білудің алғашқы кезеңдерінің бірі ретінде қаралады [7].

Коммуникативтік білік құрамы көптеген біліктерден тұрады, соның ішінде ақпараттық сауаттылық та кіреді. Бұл – балалардың шетел тілінен қалыптастырылатын білік, дағдысымен бірге, қатар жүріп отыруы тиіс.

Қорытынды

Сонымен, әр білім беретін, балаларды тәрбиелейтін мекеменің басты міндеті – Қазақстанның жаңа азаматын тәрбиелеу болуы тиіс. Сондықтан

кішкентай жасынан балабақшаға келген күндерінен бастап балалардың шетел және басқа тілдерге қызығушылықтарын арттырып, үштілділік арқылы тәрбиелеу керек. Бастауыш сыныпта ағылшын тілі қазіргі таңда 1-сыныптан бастап жүргізіледі. Балалар осы тіл үйрену оқу іс-әрекеттеріне қызығушылықпен қатысуы [9].

Сол жас ұрпақтың өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту болып отыр, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру - бүгінгі педагогтардың басты мақсаты. Бұл мақсаттың орындалуы үшін оқыту мазмұнының жаңартылуы, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, ол тәсілдер әрбір баланың қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтын болып ұйымдастырылуы қажет.

Осылайша, қазіргі таңда, әсіресе жастардың бойында орыс-қазақ және қазақ-орыс тілдері арасында теңдігі қалыптасқан. Жастар мемлекеттік тіл саясатын жүргізудің негізгі объектісі. Ендігі он жылдықта қазақ-орыс-ағылшын үш тілдік теңдіктің қалыптасуына сұраныс, қажеттілік тұрғысынан негіз бар. Мемлекеттік тіл, орыс тілі және ағылшын тілі – жаһанданып жатқан әлемнің талабы.

Қорыта келе айтарымыз, гуманистік методология ережелері бойынша педагог әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарауы керек.

Пайдаланған деректер тізімі

1 «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

2 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020-шы жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. [Электронды ресурс]. – <http://www.edu.gov.kz>

4 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Әдістемелік жинақ / Жалпы ред. басқ. С. С. Измуханбетова. – Орал : «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «БҚО ПҚБАИ» баспа орталығы, 2014. – 271 б.

5 **Назарбаев, Н. Ә.** «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» / Егемен Қазақстан газеті. – 19/І-2006. – № 16.

6 **Абдрахманова, Ж.** Үштүғырлы тіл мәдениеті. Қазақстан және әлемдік тәжірибе / Ж. Абдрахманова // Білім=Образование. – 2013. – № 2. – 12 б.

7 **Жанденева, Ж. Ж.** Үштүғырлы тiл бағдарында бiлiм берудегi тиiмдiлiк/ Ж. Ж. Жанденева // Ұлттық тәрбие. – 2016. – № 4. – 30 б.

8 **Хасанұлы, Б.** Тiлдiк қатынас негiздерi. – Алматы, 2008.

9 **Ақпаев, Б.** Үштүғырлы тiлдiң ұшпағы / Б. Ақпаев // Егемен Қазақстан. – 2009. – 21 қаңтар. – 6 б.

10 **Рогова, Г. В.** Методика обучения английскому языку на начальном этапе в общеобразовательных учреждениях : для учителей и студентов пед. вузов: учеб. пос. / Г. В. Рогова, И. Н. Верещагина. – М. : Просвещение, 2000.– 232 с.

References

1 «Bolaşaqtiñ irgesin birge qalaymız!» Qazaqstan Respwblikasınıñ Prezidenti N.Ä. Nazarbaevtiñ Qazaqstan xalqına Joldawı. [«Let's build the future together!» Message of the President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan.]

2 Qazaqstan Respwblikasında tilderdi damıtw men qoldanwdıñ 2011–2020 jıldarğa arnalğan memlekettik baғdarlaması [State program for the development and functioning of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011–2020]

3 Qazaqstan Respwblikasında bilim berwdi damıtwdıñ 2011–2020-şı jıldarğa arnalğan memlekettik baғdarlaması. [State program for the development of education in the Republic of Kazakhstan for 2011–2020.] [Electronic resource]. – <http://www.edu.gov.kz>.

4 Mektepke deyingi tärбие men oqıtw. Ädistemelik jınaq / Jalpı red.basq. S. S. İzmwxanbetova. [Pre-school education and training : Methodical collection / General Ed. Izmukhanbetova S. S. – Uralsk : Branch of JSC» NСPC» Orleu «publishing center» PKBAI West Kazakhstan region», 2014. – 271 p.

5 **Nazarbaev, N. Ä.** «Qazaqstannıñ әлемдеgi бәсекеге барыша қабилетти 50 елдиñ қатарына кирw стратегиясы» [N. A. Nazarbayev : Strategy of Kazakhstan's entry into the top 50 most competitive countries in the world]. In Egeмен Kazakhstan newspaper. – 19 / I-2006. – No 16.

6 **Abdrakhmanova, J.** Üштуғırlı til мәденiетi. Qazaqstan және әлемдик тәjiriбе.[Culture of the trinity of languages. Kazakhstan and world experience] / / Education=Education. – 2013. – No 2. –12 p.

7 **Jandeneva, J. J.** Üштуғırlı til бағдарында bilim berwдеgi тиiмдiлiк [Effectiveness of Education in the trinity of languages]. In National Education. – 2016. – No 4. –30 p.

8 **Khasanuly. B.** Tildik қатынас негiздерi.[Fundamentals of language communication. – 2008.

9 **Ақраев, В.** Ұштуғұл тилдің ұспағи. [The Fly of the Trinity language]. In sovereign Kazakhstan. – 2009, January 21. – 6 p.

10 **Rogova, G. V.** Jalpy bilim berý mekemelerinde bastapqy kezeńde aǵylshyn tilin oqytý ádistemesi : muǵalimder men ped stýdentteri úshin : oqý. pos. [Methods of teaching English at the initial stage in General education institutions : for teachers and students of pedagogical universities: study guide] / G. V. Rogova, I. N. Vereshchagina. (eds.) – M. : Enlightenment, 2000. – 232 p.

Материал 30.09.20 баспаға түсті.

E. P. Sagynbekova, T. B. Turganbaeva

Эффективность трехязычного обучения учащихся начальных классов в формировании личности

Университет имени Шакарима города Семей,
Республика Казахстан, г. Семей.

Материал поступил в редакцию 30.09.20.

E. R. Sagynbekova, T. B. Turganbaeva

The efficiency of the primary school students trilingual educating in forming of personality

Shakarim University of Semey,
Republic of Kazakhstan, Semey.

Material received on 30.09.20.

Социально-экономические изменения в обществе и вхождение страны в мировое образовательное пространство – в сфере образования, в том числе в начальную школу, вносят современные изменения. В настоящее время одной из основных стратегических задач нашей страны является реконструкция и развитие системы образования. Начальная школа – важный этап непрерывного образования, на котором закладываются основы первых учащихся. Поэтому основная цель начальной школы направлена на раскрытие и всестороннее развитие индивидуальных особенностей, способностей, талантов и талантов ребенка.

В статье рассматривается вопрос о трехязычной идее, которая актуальна в настоящее время. А также она ориентирована на сопровождение, поддержку, обогащение государственного языка, уважительного отношения к русскому языку и изучение английского языка. В рамках программы «Триединство языков» в целях создания

условий для развития и укрепления умений и навыков учащихся в преподавании и обучении английскому языку школа в обязательном порядке связана с образовательными отраслями. Для успешного проведения учебной работы по иностранному языку необходимо хорошо знать возрастные особенности и индивидуальные особенности детей, особенности внимания, восприятия, памяти, мышления, воображения каждого, качества чувств, воли и индивидуальных талантов. А также рассматривается вопрос о роли идеи трехязычия в формировании личности и особенностях овладения языком учащихся начальных классов.

Ключевые слова: личность, трехязычие, язык, образование, учебные действия.

Socio-economic changes in society and the country's entry into the world educational space – modern changes are being made in the field of education, including primary schools. Currently, one of the main strategic tasks of our country is the reconstruction and development of the education system. Primary school is an important stage of continuing education, where the foundations of the first students are laid. Therefore, the main goal of primary school is aimed at the disclosure and comprehensive development of individual characteristics, abilities, talents and talents of the child.

The article considers a question about a trilingual idea that is actual presently. And it is also oriented on support and enriching of official language, respectful attitude to Russian language and study of English. With the purpose of creating the conditions for development and strengthening of abilities and students' skills in teaching and learning of English within the framework of the program «The Trinity of languages» school is related to educational spheres. To successfully conduct educational work in a foreign language, it is necessary to know well the age characteristics and individual characteristics of children, the features of attention, perception, memory, thinking, imagination of each, the quality of feelings, will and individual talents. The article also considers the idea of trilingualism in forming of personality and peculiarities of language development in primary school children.

Keywords: person, trilingualism, language, education, educational actions.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 19.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,66 Мб RAM

Шартты баспа табағы 36,5.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3701

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 19.10.2020 г.

Электронное издание

2,66 Мб RAM

Усл.п.л. 36,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3701

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz